

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мақтаарал ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 362 қаулысы. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 438 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігінің 25.07.2023 № 438 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабыны 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" бұйрығымен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген, Мақтаарал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мақтаарал ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мақтаарал ауданы әкімі*

*Б.Асанов*

Мақтаарал ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "03" маусымдағы  
№ 362 қаулысымен бекітілген

**"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мақтаарал ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы "Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мақтаарал ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мақтаарал ауданы әкімі аппараты мемлекеттік әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заны 33-бабының 5-тармағына сәйкес "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпусы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4 "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5 Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістіктерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеге, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

## **2-тарау. НМИ анықтау тәртібі**

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тексеру комиссиялары тәрағаларының НМИ осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, бағалаудың басталу мерзімінен кейін 10 жұмыс күні ішінде құрылатын "Б" корпусы қызметшісінің жеке жұмыс жоспарында тиісті маслихат хатшысымен анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның (жергілікті атқарушы органның) бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 16-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе "А" корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асуруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сакталады.

### **3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі**

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіpte жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парағы оның қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парағын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

- 1) бағалаумен келісу;
- 2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парағы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парағын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

#### **4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі**

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағы толтырылады.

26. Бағалау парағын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіpte анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының  $\frac{3}{4}$  немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының  $\frac{3}{4}$ -нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

#### **5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану**

29. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті

жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның тәрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілдегі тұлғаның шешімі бойынша жузеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Персоналды басқару қызметі Комиссия тәрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын;

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері уәкілдегі тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысадан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың инtranet-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дереккор (ақпараттық

жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 43-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

43. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Б" корпусындағы аудандық  
бюджеттен қаржыландырылатын  
атқарушы органдардың  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілері мен Мактаарал  
ауданы әкімі аппаратының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалаудың әдістемесіне 1-қосымша  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
колы \_\_\_\_\_

### "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

жыл

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) \_\_\_\_\_

Кызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Кызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А"					
---	--	--	--	--	--

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлар дың атавы	корпусы қызметшісі келісімінц қ а й көрсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің кужатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
----------	---	--	---------------	------------------	---------------------------	--------------------

\* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер  
Кызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

"Б" корпусындағы аудандық  
бюджеттен қаржыландырылатын  
атқарушы органдардың  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілері мен Мақтаарал  
ауданы әкімі аппаратының  
мемлекеттік әкімшілік  
қызметшілерінің қызметін  
бағалаудың әдістемесіне 2-қосымша

Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

## НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә., бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды ң атавы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол ж е т т і / көрсеткішке қол жетпеді
----------	---	------------------	---------------	------------	--

Бағалау нәтижесі \_\_\_\_\_

(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші

(тегі, аты-жөні)

күні \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)

күні \_\_\_\_\_

қолы \_\_\_\_\_

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын аткарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мактаарал ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 3-қосымша

Нысан

**Құзыреттер бойынша бағалау парагы**

ЖЫЛ

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ұнтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қ ы з м е т т і тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

\*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші

(тегі, аты-жөні)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын аткаруыш орнадардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мактаарал ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 4-қосымша

Нысан

## Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
E-1; E-R-1.		<p>Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер кояды және тапсырмалар береді;</p> <p>Бөлімшенің берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттайты; және жағдай жасайды;</p> <p>Бөлімше жұмысын басымдылығына қарай тиімді үйимдастырады;</p>	<p>Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер коя алмайды және тапсырмалар бере алмайды;</p> <p>Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды</p> <p>Бөлімше жұмысын басымдылығына мән бермей тиімсіз үйимдастырады;</p>
E-2; E-3 (құрылымдық болімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3;		<p>Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді;</p> <p>Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және үйимдастырады, олардың жоспарланған</p>	<p>Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді;</p> <p>Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және үйимдастырмайды,</p>

қызметтік басқару	E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізді; Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;	олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; Басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді.; Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; Белгіленген мерзімдерді сақтайды.	Тапсырмаларды жүйесіз орындайды; Сапасыз құжаттар әзірлейді; Жедел жұмыс жасамайды ; Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.
	E-1; E-R-1.	Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды ; Койылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізеді.	Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды ; Койылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді.
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшениң басшысы).	Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; Бөлімшениң қогаммен тиімді жұмысын үйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі;	Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; Бөлімше және қогаммен тиімді жұмыс үйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді;

	* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды.	Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.  * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптерлеріне жүгінеді; Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен қарым-қатынасты дамытады; Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындаиды.	Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптерлеріне жүгінбейді; Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптерімен өзара әрекеттеспейді; Әріптерімен мәселелерді талқыламайды.
	E-1; E-R-1.	Міндеттерді дұрыс бөле алады; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды	Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды; Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзкарасына сенеді.
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1;	Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; Шешім қабылдаудагы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды	Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді;

	<p>E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>ескере отырып, мүмкін болатын қауітерді талдайды және болжамдайды; Мүмкін болатын қауітер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.</p>	<p>Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауітерді талдамайды және болжамайды; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауітер мен салдарларды ескермейді.</p>
	<p>E-3; *</p> <p>E-4;</p> <p>E-5;</p> <p>E-R-4;</p> <p>E-R-5;</p> <p>E-G-2; *</p> <p>E-G-3;</p> <p>E-G-4.</p> <p>* осы бағанның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Қажетті мәліметтерді таба алады;</p> <p>Мүмкін болатын қауітерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; Өзінің пікірін негіздей алады.</p>	<p>Қажетті мәліметтерді таба алмайды;</p> <p>Мүмкін болатын қауітерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды;</p> <p>Негіzsіз пікір білдіреді.</p>
ҚЫЗМЕТТИ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАNU	<p>E-1;</p> <p>E-R-1.</p>	<p>Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер қоя алады;</p> <p>Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі;</p> <p>Көрсетілетін қызметтердің колжетімділілігін қамтамасыз етеді;</p> <p>Қ ы з м е т тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізеді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады.</p>	<p>Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер коя алады;</p> <p>Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі;</p> <p>Көрсетілетін қызметтердің колжетімділілігін қамтамасыз етпейді;</p> <p>Көрсетілетін қызмет б о й ы н ш а тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды.</p>
	<p>E-2;</p> <p>E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы);</p> <p>E-R-2;</p> <p>E-R-3;</p> <p>E-G-1;</p>	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық</p>	<p>Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді;</p> <p>Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық</p>

	E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	дейгейін анықтауға жағдай жасайды; Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болуарқылы көрсетеді.	дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Сыпайы және тілектестікпен қызмет көрсетеді; Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.	Қызмет алушыға дөрекілік және неміс жағдайда қызметтерге қарастырады; Тұтынушының сұрақтары мен мәселелеріне мән бермейді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.
ҚЫЗМЕТТИ ТҰТЫНУШЫҒА АҚПАРATTАНДЫРУ	E-1; E-R-1.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімді тәсілін күрастырады.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін күрастырады.
	E-2; E-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (құрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді.	Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе неміс жағдайда қызметтің жеткізеді; Қызмет тұтынушыларының пікірін елемейді.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді;	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді;

	* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады.	Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды.
ЖЕДЕЛДІЛІК	E-1; E-R-1.	Ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді; Өзгерістерді уақтылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді.	Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; Өзгерістерді уақтылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді.
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуінде жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Жұмыстың колданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.

		Улгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптерестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;	Улгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптерестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтамайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көніл бөлмейді.
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Кұрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды .	Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді; Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады.	Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; Өзінде бар дағдылармен шектеледі.
		Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен	

	<p>стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді;</p> <p>Үжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендей деңгейін дамытады;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптерінің намысы мен абыроына нұксан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескереді және анықтайды;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-кулықтың үлгісі болады.</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді;</p>	<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді;</p> <p>Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптерінің намысы мен абыроына нұксан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауга жол береді;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескермейді;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроына құрмет танытпайды;</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді;</p>	
АДАЛДЫҚ	<p>E-2;</p> <p>E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы);</p> <p>E-R-2;</p> <p>E-R-3;</p> <p>E-G-1;</p> <p>E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).</p>	<p>Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды;</p> <p>Үжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары қояды;</p> <p>Жұмыста табандылық танытады;</p> <p>Үжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады;</p> <p>Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік</p>	<p>Үжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді;</p> <p>Өз мұддесін үжым мұддесінен жоғары қояды;</p> <p>Жұмыста табандылық танытпайды;</p> <p>Үжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды;</p>

	<p>* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>принциптерін сактауды қамтамасыз етеді; Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыроына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.</p>	<p>Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді;</p>
	<p>E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.  * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; Өзінің жұмысын адал орындайды; Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады.</p>	<p>Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын орындау барысында немісрайлылық білдіреді ; Өзін адалсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады;</p>
	<p>E-1; E-R-1.</p>	<p>Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.</p>	<p>Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.</p>
	<p>E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).  * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.</p>	<p>Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.</p>
	<p>E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4.</p>	<p>Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда,</p>	<p>Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған</p>

СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	E-1; E-R-1.	Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.	Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	E-2; E-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы). * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Құрылымдық бөлімшесінде қызметін үйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады.	Құрылымдық бөлімшенің қызметін үйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Оз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	Оз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғага артады.
		Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған

БАСТАМАШЫЛДЫҚ	E-1; E-R-1.	бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады.	инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырмайды.
	E-2; E-3 (Кұрылымдық бөлімшениң басшысы); E-R-2; E-R-3; E-G-1; E-G-2 (Кұрылымдық бөлімшениң басшысы). * осы бағаның жогары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді.	Қызмет тиімділігін жогарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді.
	E-3; * E-4; E-5; E-R-4; E-R-5; E-G-2; * E-G-3; E-G-4. * осы бағаның жогары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындауды.	Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындаудайды.

"Б" корпусындағы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен Мактаарал ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

**Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы**

---

(мемлекеттік органның атауы)

---

(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы:

---

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, қолы)